

Сулеймен Демирель атындағы университеттің 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының докторанты Дуйсебекова Жайнагул Муратқызының «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының қолжазбасына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

1. Тақырыптың өзектілігі.

Еліміздің болашағының жарқын болуы бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлаумен тікелей байланысты. Соның ішінде, ұрпақтың білім мен тәрбиесіне жауапты педагог мамандардың бойында заманға сай оқытушылық қабілет пен кәсіби сауаттылықтың болуы аса маңызды. Олай болса, ұсынылып отырған зерттеу жұмысы, ең бірінші, қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар өзекті мәселеге бағытталып отырғанын айту қажет.

Жоғары мектепте білім беру жүйесі күн санап жанаруда. Атап айтар болсақ, пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру, жаңарту, оның құрылымын кредиттік жүйеге сәйкестендіру, берген білім нәтижесін сапалы бағалау, білім алушыны кәсіби бағдарлай оқыту секілді бірқатар мәселелер кешенді зерттеулерді қажет етеді. Тіпті берілетін теориялық білімнің сипаты да біршама өзгеріп, жаңа қырынан танылуда. Мәселен, қазақ тіл білімі бұрын басым көңілді құрылымдық бағытқа беріп келсе, бүгінде оны тұлғаға бағдарлай зерттеудің қажеттілігі артып отыр. Аталмыш зерттеу жұмысының тілшілердің тарапынан толыққанды зерттеу нысаны бола қоймаған ауызша тіл мен ауызша тілдің табиғатын ашуға бағытталуы – оның өзектілігін айқындай түседі. Сонымен қатар жұмыста ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы сөз мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік жүйесі де жасалған. Ол өз кезегінде диссертацияның практикалық құндылығын арттырады.

2. Алынған нәтижелер негізділігі мен дәйектілігінің, олардың жаналығының дәрежесі.

Диссертант Ж.М.Дуйсебекованың диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» диссертацияларға қойылатын талаптар деңгейінде жазылған.

Бірінші тарауда ауызша тіл мәселесінің тіл білімінде зерттелуіне жан-жақты талдау жасаған. Өзіндік тұжырымдар ұсына отырып, ауызша тілдің көпқырлы, көпдеңгейлі зерттеу нысаны екенін отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәйектеген.

Ауызша тіл мен жазба тілдің арақатынасын, ауызша тілдің сөйлеу жағдаятына байланысты түрлерін мысалдары негізінде дәлелдеп көрсеткен. Педагогикалық дискурс ұғымына кеңінен тоқталып, сөйлеу актісі тұрғысынан байланыстырған. Сондай-ақ, диссертанттың филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвәлеуметтік тұжырымдамаларын өте орынды айтылған деуге болады. Ал

ауызша сөз мәдениетін оқытудың келтірген дидактикалық ұстанымдары мәселенің әдіснамалық қырын толықтай ашады.

Екінші тарауда ауызша ауызша тілдің құрылымы мен жүйесін меңгерту арқылы сөз мәдениетін оқыту мәселесі өзінің практикалық шешімін тапқан. Филолог-студенттерге ауызша сөз мәдениетін оқытуды жүзеге асыруға бағытталған әдістемелік жүйенің тиімділігі анықталып, практикалық құндылығы сараланған. Оны оқытудың ұтымды жолдары мен әдістері, жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі нақты мысалдармен көрсетілген.

Зерттеу жұмысында аталған мәселелер тиянақты қарастырылып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілген:

- ауызша тілдің прагматикалық, дискурсивтік-прагматикалық аспектілері сараланып, қазақ ауызша тілінің сөйлеу жағдаятына қатысты түрлері қарастырылған;
- «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» пәнінің тақырыптық-мазмұны аясында 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында білім алушыларға қазақ ауызша тілі мен жүйесі арқылы сөз мәдениетін меңгертудің психологиялық және педагогикалық негіздері айқындалған;
- қазіргі жаңартылған білім беру жүйесінде жоғары оқу орындарында ауызша сөз мәдениетін оқыту жайы талданған;
- ұсынылған пәннің негізінде ауызша тілі мен жүйесі арқылы сөз мәдениетін меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері сараланып, тілдік, әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі ұсынылған;
- аталған пәннің аясында оқытудың қажеттіліктері анықталып, диссертанттың авторлығымен жарияланған «Сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс» атты оқу-әдістемелік құрал мен «Ауызша сөз мәдениетіңізді көтергіңіз келе ме?» практикалық тапсырмалар мен жаттығулар жинағына деген сұраныс эксперимент нәтижесінде дәлелденген.

3. Алынған жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы.

Ж.М.Дуйсебекованың филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың тілбілімдік, когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдары, ауызша сөз мәдениетінің зерттелу тарихына жасаған шолулары қазақ тілінің «Сөз мәдениеті», «Қазақ стилистикасы», «Педагогикалық шешендіктану» секілді бірқатар салаларда теориялық ақпараттармен қаруландырса, жоғары білім беру жүйесінде ауызша сөз мәдениетін оқытуға байланысты ұсынған әдіс-тәсілдері мен жаттығулар жүйесі ауызша сөз мәдениетін педагогикалық дискурс аясында оқыту үдерісін жаңа қырынан қарастыруға жол ашады.

Сондай-ақ, ұсынылып отырған «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» пәні ауызша сөз мәдениетін сапалы әрі жүйелі меңгеруге ықпал етіп, болашақ филолог маманның кәсіби даярлығын арттыруға көмектеседі. Ал зерттеу жұмысы барысында жасалған ақпараттық-танымдық видео мен жаттығулар жинағы қазақ ауызша тілі мен оның жүйесі, құрылымы жайлы білімін толықтырамын деушілерге үлкен септігін тигізері анық.

4. Диссертацияның мазмұны мен жазылу жағынан кездескен кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыс белгіленген талаптарға сай жазылған, рәсімделуінде кателіктер жоқ және мазмұны толық.

5. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі.

Диссертант Ж.М.Дуйсебекованың «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысы толық аяқталған және мамандықтың паспортына сәйкес келеді.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті жарық көруіне растама.

Ізденуші Ж.М.Дуйсебекованың диссертациялық жұмысының қорытындылары мен нәтижелері 27 ғылыми-әдістемелік мақала жүзінде жарық көрді. Соның ішінде нөлдік емес көрсеткіші бар Скопус базасына кіретін журналдарда 2 мақала, Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізіміндегі журналдарда 6 мақала, 4 мақала алыс шетелде өткен ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағында және 15 мақала Қазақстан Республикасы мен жақын шетелде өткен түрлі ғылыми басылымдар мен конференция материалдарында жарияланды. Зерттеу тақырыбына қатысты 1 оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 практикалық тапсырмалар мен жаттығулар жинағы жарық көрді.

7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Сулеймен Демирель атындағы университеттің 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының PhD докторанты Дуйсебекова Жайнагул Муратқызының «Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі» атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын аяқталған жұмыс ретінде бағалап, диссертациялық кеңеске қорғауға лайық, ал оның авторы 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептейміз.

**А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
Тіл мәдениеті бөлімінің
бас ғылыми қызметкері
ф.ғ.д., профессор**

